


Б. Көмеков, Б. Кәрібаев

Мухаммед Хайдар
Дулат



АРУНА
БАСМАХИ



ББК 63.3 (5 қаз)

К 68

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Б. Көмеков, Б. Кәрібаев

К 68 Мұхаммед Хайдар Дулат. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы:
«Аруна» баспасы. 2004. – 96 бет. – «Шығыстың ұлылары»
топтамасы

ISBN 9965-26-015-X


«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» деген топтаманың жалғасын ұсынады. «Мұхаммед Хайдар Дулат» – осы топтамаға енген кітаптардың бірі. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда сегіз қырлы, бір сырлы атанған кемеңгер дана және дарынды қолбасшы Мұхаммед Хайдар Дулаттың өмір жолы суреттелген. Шығарма балалардың танымына жақын қарапайым тілмен жазылған.

К $\frac{0503020905}{00(05)-04}$

ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 9965-26-015-X

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2004



Мазмұны

Әке мен бала.....	5
Ғстаз бен шәкірт.....	8
Құтпеген жақсылықтың құпиясы.....	28
Жол азабы немесе сынықшының зары.....	40
Алашқы жорық.....	46
Алашқы алыс.....	60
Әсею жылдары.....	65
Мубетке жорық.....	74
Қуншілдердің ылаңы.....	77
Ақырғы жорық.....	81
Бегіз қырлы, бір сырлы.....	90
Іштен шыққан жау жапан.....	92



Тарихи оқиғалардың қайнаған ортасы – Орта Азия еді. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басы. Құрылғанына көп болмаса да Қазақ хандығының айбары асып тұрған мезгіл. Осы мемлекеттің тегеурініне шыдамай күнгейге ығысқан көшпелі өзбектердің ханы Мұхаммед Шайбани Бұхара мен Самарқаннан бастап Ташкент, Өндижан, Хорезм секілді бірқатар ірі орталықтарды жаулап алды. Ол бірте-бірте темірліктер мен Шағатай ұрпақтарының иелігіндегі жерлерді түгелге жуық өз қол астына қаратуға айналды. Сөйтіп кешегі аты әлемді тітіркенткен Әмір Темір мен Моғолстан өмірлерінің басына үлкен қатер төнді. Бір күн болмаса бір күні жолымды кесер деген оймен Мұхаммед Шайбани бұрынғы билік басында болған әулеттердің көзін түгелдей жоюға кірісті.

Қатал заманның заңы да қатыгез. Сол кезеңнің өміршілері билік үшін ештеңеден тайынбайтын. Аймақтағы бас көтерер арыстардан* тезірек құтылса, басқа қара халықты басқару оңай. Бұл заңдылықты Мұхаммед Шайбани да жақсы түсінді. Сондықтан болар ат жалын тартып мінер еркек кіндіктің бәрін бақталасындай көрді. Тіпті олардың буындары қатаймаған сәби екеніне де қарамады. Зобалаң ең әуелі Әмір Темір ұрпақтары мен шағатайлық хан, сұлтандардың басына төнді. Екінші кезекте өмірлер әулетінің қариялары мен әйелдері, тіпті бала-шағалары тұрды.

Бұл қанды науқаннан Мұхаммед Хайдар Дулат та шет қалмады. Ол бұл кезде бар-жоғы 8–9 жасар бала еді. Аумалы-төкпелі алмағайып заманда біреудің бағы асып, жұлдызы жанса, енді біреудің басы алынып, жанары сөніп жатты. Небір азулы әулеттердің оты қайта жанбастай болып өшті. Жендеттің қатал қолы жас па, көрі ме, бала ма, сәби ме, айырып жатпайтын. Осындайда араша түсетін жан әкесі сол қанды қырғынның құрбаны болды. Бұған себеп – Мұхаммед Хайдар Дулаттың Шыңғыс хан заманындағы ұлы аталарынан өз туған әкесіне дейін осы аймақтың ұлысбегі болғаны. Болашақ үлкен мемлекет қайраткері, артына өшпестей мұра қалдырған ғұлама тарихшы, ойшыл, кеменгер ғалым, ақын Мұхаммед Хайдар Дулаттың тауқыметке толы өмір жолы осылай басталды.


* арыс – қадірменді ер-азамат.

Әке мен бала

Бір жылдан бері Бұхарадағы жездесінің қолында жүрген бала Мұхаммед екі күн бұрын әкесі Мұхаммед Құсайыннан хабар алған. Мұхаммед Құсайын сонау Самарқандағы Шайбани ханның ордасында қызметте еді. Әкесінің кездесу туралы айтқан сәлемдемесін естіген Мұхаммед Хайдар түс қайта қала іргесіндегі ұстазы Мәуленнің үйіне келіп түсті. Екеуі қас қарайғанша есік алдындағы шағын бақта отырып, ескі қисса-дастандарды талқылаумен болды. Бірақ баланың көңілінен ертеңгі кездесу шықпады. Түнде де біразға дейін мазасызданып ұйықтай алмады. Таң ата көзі ілініп кеткен бала түс көріпті.

Өзінің ақ танау қара дөненімен Әмудариядан жүзіп өтіп бара жатыр екен дейді. Қара күздің ызғарын бойына әбден сіңірген су сүйектен өтіп денені қарып барады. Табиғаттың ырқынан шыққан өзеннің үлкен толқындары жан-жақтан қағып, шайып әкететіндей. Бірақ астындағы дөнені ышқырына бой бермей тек алға қарай жылжып келеді. Кенет су иірімі бұларды ұршықша айналдыра жөнелді. Манадан бері аямай төмпештеген су, енді ақырындап төмен тартып, тұңғиыққа әкете бастады. Абыр-сабырдан арылған айнала тым-тырыс. Ешкім көрінбейді. Бұл қалай деп анықтап қараса, ат тұяғының астында қара жер емес, аспан өлемі екен. Қалықтаған бұлттардың арасында тынысы кеңіп, жеңілдікті сезінген бала тамаша бір әсер алады. Е, бұл түрікменнің асыл тұқымды ақалтекесі емес пе? Өздері тіпті ұша да алады екен ғой деп ойлап жатып оянып кетеді.

Денесі сол қалықтаған қалыптан арыла қоймаған сияқты. Ашық тұрған терезеден бақтағы құстардың тамылжыған үні естіледі. Таңғы самал желдің лебі бетін әлсін-әлсін өбіп өтті. Әкем келіп қалған шығар деген ой сап ете түсті есіне. Төсегінен атып тұрып ауызғы бөлмеге қарай жүгірді. Есігі жартылай



ашық тұрған қонақ бөлмеден құлағына біреулердің даусы келді. Сыртқа беттей берем дегенде, ұстазының:

– Сіз қам жеменіз, Құсайын мырза, – деген даусы анық естілді. Әкесінің шынымен келіп қалғанына сонда барып анық көзі жеткен Мұхаммед Хайдар қонақ бөлменің есігін айқара ашып, ішке енді. Бөлмеде әкесі мен ұстазы екеуі ғана отыр екен. Бұл қолын кеудесіне қойып, сыпайы ғана иіліп әкесіне сәлем берді.


– Аман-есен бармысың, балам, – деді әкесі баласының сәлемін алып жатып. Қолын созып жаныма кел дегендей ишара жасады. Бала барынша салмақты болуға тырысып ұстазымен қатар отырған әкесінің қарсы алдына келіп тоқтады. Мұхаммед Құсайын ұлының маңдайынан иіскеді де:

– Үлкен жігіт болыпсың, балам. Сенімен ақыл бөлісіп, өзіңді шаруаға тартар мезгіл де туды. Қазірше бара ғой, сосын әңгімелесеміз, – деді.

Міне, күн сәскеге таяп қалды. Таңертеңгі шайдан соң әке мен бала оңаша қалған. Жарық, кең бөлменің төрінде отырған Мұхаммед Құсайын бүгін әдеттен тыс қатулы еді. Баласын жанына отырғызып алып мән-жайды айта бастады. Әкесінің артық ауыз сөйлей бермейтінін зерек бала жақсы білетін. Сондықтан да мұқият тыңдады.

Сонау Шыңғыс хан заманынан бастап ел мен жер тарихын қысқаша баяндай келіп, мына бүгінгі уақытқа көшті. Ел ішінде қандай қиямет іс-әрекеттер болып жатқанын сөз қылды.

– Алауыздықтың кесірінен бастары бірікпеген хан ұлдарынан бүгін қайыр болмай тұр, балам. Әркім бас сауғалап, бұқпантайлап күн кешуде. Зығырданы қайнаған елдің күресуге дәрмені жоқ. Біз ата-баба жолымен халқымызға да, ханымызға да қашанда адал қызмет еттік. Оған бір Алла куә. Ал қазіргі аумалы-төкпелі заманда адал қызметіңнің ешкімге керегі болмай қалды. Бірақ мұның бәрі уақытша нәрсе. Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. Мен Қорасанда жорықта жүрген Шайбани ханның шақыруымен кетіп барамын. Онда қанша болатыным белгісіз, – деді манадан бері қозғалмай отырған Мұхаммед Құсайын оң аяғын жазыңқырап, тізесін уқалап қойып. Бұл әңгіменің бітуге таянғанының белгісі еді.



– Солай, балам, жас та болсаң, енді бір өулеттің үлкенісің. Өңгіме төркінін түсінуге тиіссің, түсіне алмасаң, өзіңе қиын болады.

Мына сөзге Мұхаммед Хайдардың жүрегі дір ете қалды. Әкесі бірдеңеге алаңдап отырғандай көрінді. Бұғанылғи мейірім төге қарайтын қос жанарында бүгін үрей ме, әлде мазасыздық па әйтеуір түсініксіз әлдененің нышаны бар. Сырттай сабырлы отырғанымен, ішінде бір түйткіл* жатыр. Сәби көңілі бір сұмдықты сезгендей бойын жиып, әкесіне тіктеп қарап:

– Сонда, әке, ...

Бала сөзін бастап үлгермеді. Бөлме есігі ақырын ашылып, Мәулен гүлама көрінді. Әкелі-балалы екеуі орындарынан тұрып, ұстаздарына құрмет көрсетті.

– Мырзам, уақытыңыз таяп қалған тәрізді.

– Иә, солай, артық аялдар уақыт жоқ. Біздің өңгімеміз де төмам. Қалған жайды өзіңіз айтарсыз. Амандық болса, көрісерміз. Мына заманда сенім артар кісі аз. Менің сенетінім өзіңізсіз. Бір кездері дәріс беріп, өмірдің ақ пен қарасын ажыратуға үйреткен ұстазымсыз. Енді, міне, балам сізге аманат.

Мұхаммед Хайдар әкесінің мына сөзінен кейін байыппен ұстазына қарады. Әлгіндегі бойын билеген беймазалық тарқай бастағандай.

Мәулен ұстаз сыртты меңзеп:

– Асығыс білем, аттарды мана әзірлеп қойған, – деді. Айтып тұрғаны Шайбани ханның жеке нөкері. Ханның бұйрығын мүлтіксіз орындайтын жандайшап*. Мұхаммед Құсайын мырзаның қасынан бір елі қалмайтыны да сол – ханның тапсырмасы. Үйде де, түзде де жанынан ажырамайды.

Үшеуі тысқа шықты. Әкесі еңкейіп Мұхаммед Хайдардың маңдайынан бір иіскеді де, елжірей қарап құшағына қысты. Сосын бірден кілт бұрылып, жүріп кетті. Атқа қонған Мұхаммед Құсайын хан нөкерлерімен бірге шығысты бет алып ұзай берді. Бала Мұхаммедтің алабұртқан көңілі астаң-кестең. Соны басқысы келгендей кішкентай уысындағы ұстазының қолын қыса түсті.

**түйткіл* – күдік сезім, реніш.

**жандайшап* – біреудің сөзін сөйлеп, қол шоқпары болу.



Ұстаз бен шәкірт

Әкесі кеткелі бір айға жуық уақыт өтті. Хабар әлі жоқ. Осы уақыттың ішінде Мұхаммед Хайдар ұстаздан ата-бабасына қатысты талай жайға қанықты. Бәрі баланың бір сұрағынан басталды. Әкесі жол жүріп кеткен күннен бастап бала өзін мазалаған сұрақтың шетін шығарған-ды.

– Ұстаз, әкемнің қасына кімдер еріп келді?

Мәулен ғұлама осы сауалды күткендей-ақ еді. Балаға бұрылып отырды да:

Кеше әкең де біраз жайдың басын шалған болар. Мына ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған Мұхаммед Шайбани хан әкеңе сенбейтін көрінеді. Жіті бақылау қойғаны жетпегендей, сонау Қорасанға шақыртыпты. Қасындағылары ханның жандайшап нөкерлері.


– Хан әкеме күдікпен қараса, қастық ойлауы да мүмкін ғой, – деді Мұхаммед Хайдар.

Баланың мына сөзіне Мәулен ұстаз «уһ» деп бір күрсініп салды.

– Онда басын қатерге тігіп неге кетті әкем? – деді дегбірсіз-дене бала.

– Сенің әкең «жаным – арымның садағасы» дейтін қайсар жан. Бас амандығын ойласа, бұл аймақтан баяғыда-ақ кетер еді. Атамекеннен, туған халқынан қалай безсін? Әкең – Мұхаммед Құсайын мырзаның өз дегенінен қайтпайтын мінезі бар. Бала күнінен ата-баба тарихын құлағына құйып өсті. Олардың жүріп өткен жолдарына дейін жатқа білетін. Аталарының іс-әрекеттері ол үшін үлкен мәртебе. Солардың халқына еткен қызметін мақтанып тұтатын. Аталарындай болу оның бала күннен бергі мақсаты еді. Мына заман оған мүмкіндік беріп пе?

Мәулен есіне бірдеңе түскендей үнсіз қалды. Мұхаммед Хайдардың екі көзі ұстазында. Ол үшін одан асқан данышпан



жоқтай. Мен де осы кісідей болсам. Жоқ, әкемдей болсам. Ең дұрысы екеуіне де ұқсасам деп түйді ішінен. Біздің бабаларымыз халқына қызмет еткен. Иә, әкесінің де аталары жайлы айтқаны есінде. Әбден ескіріп сарғайған бір қалың қағазды көрсетіп, аталарына берілген хан жарлығы деген. Бұл сонда қатты қызығып еді ғой.

– Не ойлап кеттің, балам?

Ұстазының мына сөзінен есін жиғандай болған Мұхаммед Хайдар Мәуленге тіктеп қарап:

– Мен қашан үлкен боп өседі екем? Әкемдей болсам, ханның шақырғанына бармас едім. Өз дегеніммен жүрер ем, – деді шапшандата.

Ұстаз Мұхаммед Хайдардың сөзіне әуелі балаша мәз болып күліп алды. Артынша байсалды қалпына түсіп:

– Асықпа, Алладан бұйрық болса, әлі-ақ өсесің. Өз дегеніңмен де жүрерсің, – деді.

– Ұстазым, маған аталарым туралы айтып берші, – деп сұрады Мұхаммед Хайдар қиыла.

– Бәрекелді, мұның жөн. Аталардың ісі – ұрпақтарға өнеге-өсиет, – деді ұстазы алысқа көз тастап. – Арғы атаң Байдоған деген кісі болған.

– Шыңғыс хан заманында әмір болған атам, – деп дауыстап жіберген шәкірт-бала, өзінен үлкен кісінің сөзін бөлгеніне ыңғайсызданып кешірім сұрап төмен қарады.

– Жай әмір емес, қарағым, бас әмір. Ордадағы жиында Шыңғыс ханның оң тізесін басып төрде отырған. Азан шақырып қойған аты Байдоған болғанмен, ел арасында оны Ертөбе деп атайтын. Ол кісі Маңылай Сүбе деген жерге иелік еткен. Кезінде осы атаңа Шыңғыс ханның өзі жеті бірдей жеңілдік берген.


– Ол қандай жеңілдіктер?

Мәулен шәкіртіне күлімсіреп бір қарап қойды да, сөзін әрі қарай жалғастырды.

Содан ұстаздың күнделікті дәрісіне бір мезгіл бала Мұхаммед Хайдардың бабалары туралы айтқан әңгімесі қосылды.

– Байдоған бабаң әлемді дүрліктіруші Шыңғыс ханмен қатар отырыпты. Ұлы хан дулат тайпасының әмірі болған осы бабаңа





«Маңылай Сүбені», бүгінгі Шығыс Түркістанды иелікке берген. Шыңғыс ханның жарлығымен әрі батыр, әрі әмір осы атаң жеті түрлі артықшылыққа ие болады. Атап айтқанда, дабылды, мыңдық және қосын* туларын қолында ұстаған. Мұны үшеу де. Хан ордасындағы жиында қаруымен отыруға құқылы. Бұл – төртіншісі. Бесіншісі – аңшылық, саятшылық кезінде басқалар оған нөкер болған. Ең бастысы, ол бүкіл моғол ұлысының әмірі еді. Жарлықтарда оның есімі «Моғол ұлысының сардары» деп жазылған. Жиындарда төрде отырып, ал қалған әмірлер оның екі жағын ала жайғасқан. Сонымен сенің арғы атаң Байдоған биге Шыңғыс ханның өзі берген артықшылықтың бар саны жетеу болды. Бұл жетеуіне кейінгі әмір аталарыңның тұсында тағы басқа жеңілдіктер қосылған. Жеңілдіктердің жалпы саны он екіге дейін жеткен. Манадан бері үнсіз тындап отырған Мұхаммед Хайдар осы тұста бір қозғалып қойып:

– Кейінгі артықшылықтар Байдоғанның баласы Болатшы атамыздың билік еткен кезінде қосылмаушы ма еді? – деді.

Қагілез* баланың қимылы сергек. Қос жанары жалт етіп, шапшаң қарайды. Ұстазына сұрақ қойса, кірпік қақпай қадалып отырып күтеді. Жинақы отырысы, шалт қимылы жемін аңдыған қаршыға секілді. Ал ұстазы олай емес, байсалды. Мол денесін асықпай қозғайды. Сөзінің дәмін келтіріп алайын дегендей, тамсанып барып баяу бастайды. Әуелі салалы саусақтарымен күмістей әппақ сақалын бір сипап өтеді.


– Біріншіден, әмір Болатшы Ертөбе атаңған Байдоған атаңның баласы емес, немересі. Екіншіден, кейінгі бес жеңілдіктің бәрі бірдей Болатшы атаңның тұсында берілмеген. Бұл атаң бүкіл моғол ұлысына еткен ерен еңбегі үшін тағы екі жеңілдік қосып алған. Бірақ о тұста жеңілдік саны он екіге жетпеген.

– Сонда Болатшы атамыздың қандай еңбегі сіңген?

Мәулен ұстаз жетпістен асса да жалыны басылмаған отты көзін көкжиекке тігіп бір сәт ойланып отырып қалды. Алыстан аталарының өздері елес беретіндей. Соны мұлт жібермейін дейтін іспетті. Көп күттірмеді, салалы саусақтары күміс сақалды тағы бір сипап өтті.

* қосын – жауынгерлер тобы, әскер.

* қагілез – арықша, жұқалтаң, талдырмаш.



– 1318 жылы Шағатай ұлысының ханы Исан-Бұға хан қайтыс болады. Артында таққа отырар ұл қалмайды. Соның кесірінен ел іші ала тайдай бүлінеді*. Біреуі бұлай тартса, басқасы кері қарай тартады. Әр жақ өз қалаған адамдарын хан сайлағысы келеді. Бір-бірімен бет жыртысып, білек күштерімен сынасады. Арты қақтығысқа ұласады. Ақыр аяғы осындай талас-тартыстың кесірінен ұлыс ыдырап тынады. Сол кездегі ұлыс әміршісі Болатшы атаң марқұм Исан-Бұға ханның көп әйелдерінің бірінің ішінде бала кеткенін естиді. Іздеп таптырып, баланы қамқорлығына алады. Оны жақсы тәрбиелеп, өсіреді. Ер жеткен баланы өз қолымен хан көтереді. Ол – Тоғылық Темір хан. Осы ханнан бастап Шағатай ұлысы қайта құрылған болып есептеледі. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін екеуінің басына талай қауіп-қатер де төнеді. Ер бабаң бәрібір өз ойлаған арманына жетеді. Таққа отырған жас хан Болатшы атаңның көмегімен бүлінген елді қайтадан бір ту астына жинайды.

Мәулен ғұлама аузын жиып үлгергенше, бала Мұхаммед Хайдар:


– Ал жаңағы қосылған жеңілдіктер қандай? – деп сұрады дегбірсіздене.

«Жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы шалт болғанмен, сабырсыз емес секілді еді. Құдды асығып отырғандай шыдамсызданғаны несі сонша?» деген оймен ұстазы баланың жүзіне тіктеп қарады. Онсыз да садақтың адырнасындай керіліп тұратын қастары одан әрі керіле түскен. Аласы мол үлкен көздері жайнап тұр. Кірпік қақпайды. Көпті көрген ұстаз бала көзіндегі күштарлықты қалт жібермеді. Сөздің ақырын бақпай шыдамсыз сөйлеуінің мәнін ұққандай болды. Аталарының әмірін білсем деген құмарлығын ұққан Мәулен ұстаз әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

– Иә, оны айтпаған екем ғой. Біріншісі, Болатшы атаң ханға ескертпей-ақ қосын әмірін өзі тағайындайтын не орнынан алып тастайтын. Екіншісі, ұрпақтарының теріс іс-әрекеттері тоғызға жеткенше жауапқа тартылмайтын. Осылай Болатшы атаңның кезінде дулат әмірлеріне берілген жеңілдік саны тоғызға жетеді. Тоғылық Темір ханның қолы қойылған осы тоғыз жеңілдікті растайтын жарлық бар.

* ала тайдай бүліну – кенеттен елдің апыр-топыры, астаң-кестең шығады.





Мынаны естігенде баланың отты жанары жарқ етіп:

– Мен бұл жарлықты көрдім, – деді күлімдеп.

– Дұрыс айтасың, балам, өкең оны атаңның көзіндегі көріп әлі сақтап келеді. Күн кешкіріп қалыпты ғой, балам. Бүгінге осы да жетер.

Осылайша күніне бір уақ Мұхаммед Хайдарды қасына отырғызып әңгіме айту Мәулен ғұламаның дағдысына айналды. Түске дейін кәдімгі шәкірттерше дәріс алады. Құран сөздерін жаттайды. Есеп шығарады. Түс қайта бір мезгіл екеуі тоғай аралап жаяу жүреді. Төмендегі жылғаға жеткенде бір-ақ тоқтайды. Сол жерде отырып дастан, қисса оқиды. Содан кейін тарих шежіресін баяндайды. Мұхаммед Хайдарға ең керегі осы. Тарихты білсем деген құлшынысы ерекше. Бұл жерде баланың қояр сұрақтары да көп. Дәптеріне өзінше бірдеңелерді түртіп жазып отырады. Әсіресе ата-баба тарихына деген айырықша ықыласын білген ұстаз осыған көп көңіл бөлді.


Кеше ұлы қаған Шыңғыстың хан тағына отырған соң жүргізген жорықтары туралы сөз болды. Мына дүниеден көшер алдында қол астына қараған жерді төрт ұлына төрт ұлыс қылып бөліп беретін жерге келіп тоқтаған. Бүгінгі тарих дәрісі сол жерден өрі жалғасты.


– Өткенде арғы атаң Байдоғанбидің Шыңғыс хан әмірлерінің басы болғанын, оған ерекше жеңілдіктер берілгенін айтқанмын. Орда мен ұлыстың басты рәміздері – мыңдық ту мен қосын байрағы және дауылпаз небір жорықтар кезінде сол бабаңның қолында болған. Олар жығылмайынша әскер жеңіліс таппаған. Шыңғыс хан Байдоған атаңа тұтас аймақты иелікке берген. Кейінгі дулат әмірлері де сол аймаққа жеке билік етті.

– Дулат әмірлеріне берілген жеңілдік саны он екіге жеткен деп едіңіз, ұстаз.

– Бұл Болатшы әмірдің ұлы Хұдайдаттың тұсы. Сенің бесінші атаң. Ол кісі ұзақ жыл ғұмыр кешіп, тоқсан жылдай билік құрып, алты бірдей ханды өз қолымен таққа отырғызыпты.

Ұлыс ханы Қызырдың жастығын пайдаланып бір басбұзар әмір елде бүлік көтереді. Өзі қалаған адамын хан қою үшін





жас ханды өлтірмек болады. Әмір Хұдайдат бұл іске араласып ханды өлімнен аман алып қалады. Қызыр хан таққа қайта отырады. Бүліншілік шыққан кезде ондай іс кім көрінгеннің қолынан келе бермесі анық. Бұл дулат әмірінің мықтылығы. Қалған жеңілдіктер сол үшін қосылды, балам.

Осы кезде ұстаз бен шәкірттің алдарындағы тоғайдан қырғауылдың қоразы шақырған дауыс шықты. Тап шетінде жүрген секілді, жақыннан естілді. Қырғауылдың қоразын басқа ешқандай құстың даусымен шатастыру мүмкін емес. Сонда да, Мәулен ұстаз шәкіртін сынағысы келді ме, әлде үзіліс болсын деді ме Мұхаммед Хайдарға бұрылды.

– Балам, бұл ненің даусы?

– Қырғауыл ғой. Жездем Үбайдұлла сұлтанның ауласында бар бұлар. Асырау үшін сонау Сыр бойынан алдырыпты. Өстіп айқайлап мекиендерін суға шақырады екен. Тауықтар құсап алдында жүрмейді. Үркек, жақындасаң, қашып кетеді. Балапандарын да, өздерін де алыстан ғана көресің. Жездемнің ондай құсты ауласында неге ұстайтынын білмеймін.


– Қырғауыл өте пайдалы құс. Ол зілзаланы алдын ала біледі. Жер сілкінер кезде ерсілі-қарсылы ұшып, шу шығарады. Мазалары қашады. Мұны көріп адамдар сақтық қамын жасайды. Үбайдұлла сұлтан, шамасы, соны естіген ғой.

Қырғауылдың шақырған даусы тағы естілді. Даусының зоры сондай, тіпті, таяқ тастам жерде жүргендей. Мәулен ұстаз негімен сол жақты нұсқап қойып:

– Қазір күннің ыстығы қайта бастады. Қырғауылдардың жайылатын уақыты. Әуелі қоразы ашыққа шығып, тексеріп алады. Қауіпті ештеңе жоқ болса, қалғандарын осылай шақырады.

– Ә, жайылымға шығып келе жатыр екен ғой онда. Бер жақтан барып қарасақ, көре аламыз ба?

– Жоқ, жаңа өзін айттың ғой. Олар өте сақ. Тысырды естігеннен шөптің арасымен жорғалап қаша жөнеледі. Қай маңда жүргенін де байқамай қаласың. Одан да салқын суға бір шайынып алып, сосын сабағымызға көшейік.




Үстаз бен шәкірт жылғаның жағасына қатар отырып, жуынып алды. Су мөп-мөлдiр, әрi салқын. Тастай суға жуынып бойлары сергiген олар орындарына қайтып келiп отырды. Үстазы әңгiмесiн әрi қарай жалғады.

– Жаңағы айтқан әмiр Хұдайдаттың бiр ұлы, Сейiт Ахмет ғұмырбойы Қашқарды билептi. Үшiншi атаң болып келетiн оның ұлы Сейiт Әли ерекше жаралған жан екен. Жойқын күш иесi, әрi асқан ақылды, шешен кiсi болған деседi. Әсiресе ол кiсiнiң ғаламат ұзын бойы басқалардан ат мiнiп тұрғандай жоғары тұрады екен. Есен-Бұға ханның замандасы бұл атаңның Алып Сейiт Әли деген аты қалған. Оның да Моғолстан үшiн сiңiрген еңбегi айырықша. Бiр жылдары ұлыстағы көптеген әмiрлер Есен-Бұға ханға бағынбай, елде тәртiпсiздiк белең алады. Сонда хан сенiң атаңның арқасында билiгiн қорғап қалады. Тiлге аса шешен болған Сейiт Әли атаң әмiрлердi үгiттеп, елге насихат жүргiзiп ел тыныштығын сақтайды. Ол аталарыңның халқына жасаған ерен еңбегi ешқашан ұмытылмақ емес, қарағым.

Әшейiнде басын шалқайтып, бойын тiк ұстайтын Мұхаммед Хайдар төмен қарап үнсiз отыр. Аққұба әңгi қызарып бал-бұл жанады. Бойын кернеген мақтаныш сезiмiн жасырғысы келетiндей. Мәулен ұстаз мына отырысынан осыны байқап, шәкiртiнiң қылығына iшiнен сүйсiнедi. Осы баланың бойында қазiргi жастарда кездесе бермейтiн көп игi қасиеттердiң барына қуанады. Бiлiмге күштар-ақ. Әсiресе бабалар тарихына өте ынтық. Қандай қайсар, алғыр болса да қаталдыққа жаны қас. Өзi кiшiпейiл болғанмен турашыл мiнезi де бар. Бұл қатарлы балалар әлi ойын қуып жүр. Әлде бұның әмiрi қиындықпен басталғасын солай болды ма екен? Тек, Құдайым ғұмыр жасын ұзақ қылғай. Әлгiндей жақсы қасиеттерiнiң ұлғая түсуiне себеп бола бiлсек игi. Бойын тiктеп отырған Мұхаммед Хайдарға қарап ұстаздың ойы бөлiнiп кеттi.

– Жаңа қай жерге келiп тоқтап едiк, Мұхаммед Хайдар мырза?

Мырза деген сөзге бала қызарақтап қалды. Онысын жасырғысы келгендей:



– Аталарымыздың еңбегі ұмытылмақ емес дегенсіз, ұстазым, – деп, шапшаң жауап қайырды.

– Ә, иә, ол рас, тарих жауыздықты да, жақсылықты да ұмытпайды. Бірақ аталарың ұмытылмас жақсылық жасап жатырмын деп әсте кеуде кермеген. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген сол аталарыңнан қалған.

Күн еңкейіп қалғанын байқаған ұстаз бен шәкірт орындарынан тұрып, үйге қарай аяндады. Әңгіменің бітпей үзілгеніне бала іштей наразы секілді. Аяғын сылбыр басады.

– Тезірек үйге жетейік, балам, әкеңнен де бір хабар келіп қалар. Біраз күн өтті ғой.

Ұстазының мына сөзі дем берген бала алдында әкесі күтіп тұрғандай адымын ширата бастады. Бірақ бұл күні кешке де, ертеңіне таңертең де күткен хабарлары болмады.

Бүгін де күндегі дағды бойынша түстен кейін екеуі жылға басындағы орындарына келіп жайғасты. Әуелі ұстазы ала шыққан бір ертегі оқылды.


Баяғыда бар ойы билікте, халқына мүлде қарайласпайтын бір жауыз хан болыпты. Ел қамын жеген талай боздаққа зорлық қылып, жауыздықпен аты шығыпты. Сол жауыз ханды бір жетім бала ақылымен жеңіп, өзі хан атаныпты. Сөйтіп халқын молшылыққа кенелтіп, жетім бала мұратына жетіпті.

Ертегіні оқып болған Мұхаммед Хайдар бір сәт үнсіз отырып қалды. Іле-шала:

– Ұстаз, ертегі ойдан шығарыла ма, әлде шындық па? – деді төбеден түскендей.

– Ойдан шығарылсын, шындық болсын ертегінің жұмыр басты пендеге берер ұлағаты мол. Ертегінің мақсаты да сол болса керек, балам. Адамды тура жолға үгіттеудің бір жолы бұл. Сабақ болар ұлағатты істер де, теріс қылықтар да біздің өз тарихымызда жеткілікті. Уақыт біраз болып қалыпты, енді тарих сабағымызға көшейік. Әуелі кешегі келген жерден ата шежіренді жалғастырайық.

– Иә, ұстаз, мен тыңдауға әзірмін. Кеше Сейіт Әли атамызға келіп тоқтағансыз.



– Әмір Сейіт Әліден сенің өзіңмен аттас атаң Мұхаммед Хайдар Дулати туады. Атақты Жүніс хан Моғолстан тағына осы атаңның қолдауымен отырып, Қашқардың билігін тұтасымен әмір Мұхаммед Хайдардың қолына береді. Бұл атаңды мен де көргенмін. Ол кезде Қашқарда оқуда болатынмын. Орталықтағы үлкен дәрiсханаға аптасына бір рет келіп атаң дәрiс оқитын. Әмір Мұхаммед Хайдар Дулатиді тыңдау үшін қаладағы бүкіл таләбе* сонда жиналатын. Асқан білімдар кісі еді марқұм. Атаңның алдын көріп, дәрiсін тыңдау біздерге мақтаныш-тұғын. Ол кісі билік құрған жылдары ел әбден тоғайып*, өнер-білімге, ғылымға көп көңіл бөлінді. Сол кезең қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман екен ғой. Атаң әмір Мұхаммед Хайдар халықтың үлкен құрметіне бөленді. Жалпақ жұртқа ондай сыйлы әмір бұрын-соңды болды дегенді естімедім. Қашқар әмірі Әбубәкір мырза, сенің әкең әмір Мұхаммед Құсайын мен көкең Сейіт Мұхаммед мырза соның ұлдары.

– Кешіріңіз, ұстаз, сұрағым бар.

– Иә, айта бер, құлағым сенде, Хайдар. Әлде Әбубәкір мырзаны білмеуші ме едің?

– Білемін, бірақ бір әкенің баласы екенін ойламаппын. Әрі кеткенде немере туысқан кісілердің бірі ме деп жүрсем.

– Сейіт көкең әкенің інісі болса, Әбубәкір ағасы. Тек ара қатынастары онша болмады ғой. Жер шалғай, заманның түрі мынау.

– Әкем Сейіт көкем туралы көп айтады. Сейіт көкең, Сейіт көкең деп отырады ылғи. Ал ағасы жайлы әңгіме айтқанын естімеппін. Сіз ол кісіні танып, көріп пе едіңіз?

– Жоқ, жеке таныстығым жоқ. Әбубәкір мырза Қашқарда туылып, сонда өсіп ер жетті. Бала күнінде болмаса, кейін кездеспедік. Бірақ, несін жасырайын, ел мақтамайды. Кім біліпті оны? Әкең Құсайын мен інісі Сейіт мырзаларды кішкентай күндерінен білемін. Олар бала жастарынан Ташкенттегі Жүніс ханның сарайында тәрбиеленді. Ол менің Қашқардағы оқуымды тәмамдап Ташкентте оқытушылық қызметте жүрген кезім еді.

– Оқуды бітірген соң ауылыңызға қайтпадыңыз ба?


* таләбе – студент, білімгер.


* тоғаяу – тамаққа тойыну.

— Қайттым. Ой, дәурен-ай десеңші! Одан бері де міне елу жылдан асып барады. Бірақ ауылда көп болмадым. Ташкентке оқытушылыққа шақырып, сонда қалып қойдым. Ел-жұрт тыныш кез ғой. Хан сарайының жанындағы дәрiсханада әр түрлі пәндер жүретін. Нағашың атақты Жүніс хан ғылым-білімге кәдімгідей аса назар аударды. Жан-жақтан білікті ұстаздарды жинады. Сонау Бағдат, Шам шахарларынан келгендер де болды. Сол жерде бір жылдары мен де дәрiс оқыдым. Құсайын мырзаның мына пақырыңды* ұстазым дейтіні содан. Әрі ол кезде мен де жаспын. Қатар замандас ретінде сұхбаттасып та тұратынбыз. Арамызда көңіл жақындығы сол заманнан бар. Өкең Құсайын мырза мен Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Махмұт бала кездерінен айнымас дос болатын. Олар бірдей киініп, тіпті бірдей ат мініп жүретін. Серуенге шықса да бір

** пақыр – халі мүшкіл адам, байғұс.*







елі ажырамайтын. Екеуінің достығы бүкіл елге мәлім еді. Кейін Жүніс хан дүниеден озып ұлы Сұлтан Махмұт таққа отырды. Хан көтеру салтанатына мен де қатыстым. Сұлтан Махмұт хан тура тақтың алдына қалы кілем жайғызып сенің әкенді соған отырғызды. Елді әмір Мұхаммед Құсайынмен бірге басқаратынын қалың жұртқа солай паш етті.

– Бірге басқарғаны қалай, ұстаз?

– Құсайын мырза Сұлтан Махмұт ханның бас уәзірі секілді болды. Қызметі соған жақын. Хан бас уәзірімен ақылдаспай іс қылмайды. Алайда екеуінің арасы хан мен уәзірдікінен өзгеше болды. Аға мен іні де ол екеуіндеі жақын бола алмайтын шығар. Сөйтсе де екеуінің достығына, бір-бірінің адалдығына сенбейтіндер бәрін әшейін уақытша нәрседей көрді. Билік жүрген жерде достық жүре ме деп күңкілдесті. Ертең-ақ араларынан қара мысық жүгіріп өтеді. Тіпті, билікті қолдарында дұрыстап ұстай алмайды, елді жөндеп басқара алмайды дегендер де шықты. Екеуі де өндірдей* жас жігіт. Бәрібір жұрттың пыш-пыш әңгімесіне мән берген жоқ. Қайта бұрынғыдан да жақындай түсті. Соның дәлелі ретінде таққа отырғанына бір жыл болғанда Сұлтан Махмұт хан өзімен кіндіктес Хұб Нигар ханымды сенің әкене қосты. Сөйтіп, Мұхаммед Құсайын мырза көреген атанды.

– Көреген дейсіз бе? Ол қалай сонда?

– Парсы жұртының гүрген сөзі ғой, біздің халық көреген дейді.


– Гүрген дегеннің мәні не?


– Гүрген – хан тұқымынан қыз алып күйеу болған адамға берілетін атақ. Хан тұқымына күйеу дегенді білдіреді. Кешегі атақты Әмір Темір де гүрген болған.

– Ал мен көреген, яғни алдағыны болжағыш адам екен деп жүрсем. Мағынасы өзгеше екен ғой. Енді түсінікті болды. Ұстаз, кешіріңіз, сіздің сөзіңізді бөліп жібердім бе?

– Оқасы жоқ. Қайта түсініксіз, білмейтін нәрсені әрдайым сұрап отыру керек. Сұраған айып емес, білмеген айып. Осыны есіңнен шығарма. Сөйтіп, сенің әкең Мұхаммед Құсайын мырза көреген атанды. Ал Құсайын мырза мен Хұб Нигар ханымның үйлену тойы «отыз күн ойын, қырық күн тойын» дегеннің нағыз

* өндірдей – уылжыған жас.





өзі болды. Той Ташкентте өтті. Ат аяғы жетер жерден түгел қонақ келді. Тойды бүкіл халық болып көтеріп алды. Қаланың сырты ойын алаңына айналды. Көкпардың өзі бір аптаға созылды. Небір құрыш білектің тартысына көкпар шақ келсін бе? Бірісі бір, екісі екі дар-дар айырылып мәреге жете алмай қойды. Ақырында тау ешкінің текесін, арқардың құлжасын місе тұтпай* тайынша сұрап келді жігіттер. Ел балуандарын белдестіріп, өнерпаздарын жарыстырып әбден мәре-сәре болған еді. Той өткен соң Сұлтан Махмұт хан Құсайын мырзаға Ташкент түбіндегі Ұратөбені иелікке берді. Кешегі аласапыран басталғанша өкең сол жердің өмірі болып тұрды. Сенің отбасыңдағы балалар түгел Ұратөбеде дүниеге келген. Ең үлкендерің Хабиба, одан кейінгі Гауһар Шад Бегім. Екеуі де сенің сәби күнінде ұзатылды. Үлкен жезден, өзің білесің мына Ұбайдұл сұлтан. Екінші жезден Жар өмірді, жер арасы шалғай ғой, көрмеген шығарсың. Олардан кейін тағы екі қыз бала болған. Бірақ ертеректе шетінеп кетті. Сен Құсайын мырзаның отбасында дүниеге келген бесінші баласың. Марқұм анаң мен Құсайын мырза талай өулие-әмбиенің басына түнеп, бір Аллаға жалбарынып үл сұраған. Тілеулері қабыл болып, дүниеге сен келдің. Ата-анаңның зарығып көрген ұлысың. Сен туғанда ұлан-асыр үлкен шілдехана той жасады. Тағы да бүкіл ел болып тойлады. Тойдың хабары елге бір жарым ай бұрын жетті. Шақырылған қонақта есеп жоқ. Айшылық алыс жерлерден келгендер қаншама. Тағы да көкпар тартылып, бөйге шапты. Аламан бөйгеде тұлпарлар күндік жерге айдалды. Ел-елден келген бес жүзге тарта сәйгүлік қосылды. Бас бөйгені Қаратау бойын жайлайтын қоңыраттар қосқан бір ақтан кер алып кетті. Ақтан кер қазақы биеден туған жылқының ақ пен кер* араласқан тұқымы екен.

– Тағы жылқының тұқымы дейсіз бе?

– Иә, тау бөктерінде үйір-үйір болып жабайы жылқылар өріп жүреді. Адамға, амалын таппасаң, оңайлықпен ұстатпайды. Қазір олар да азайып кетіпті дейді ғой. Малмен көзін ашқан қазақтар таза қанды нағыз қазанат байтал мен сол жабайы тарпаңнан* тұқым алады. Шапқан сайын үдейтін шын дүлдүл солардан шығады екен. Бала күнімізде үлкендерден естуші ек, соны мына көзіміз көрді. Ондай ерен жүйрікті басқа елдің де

* місе тұтпау – барға қанағат қылмау, риза болмау.

* кер – құла мен күрең аралығындағы жылқы түсі.

* тарпаң – үйретілмеген асау жылқы.